

Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 желтоқсанда № 21/154-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 ақпанда № 26712 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 34/179 -VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 20.11.2024 № 34/179-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағы 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Семей қаласы мәслихатының мына:

"Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 3 сәуірдегі № 27/139-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3216 болып тіркелген);

"Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" Семей қаласы мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 27/139-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2016 жылғы 5 қазандағы № 6/48-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4723 болып тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Б. Акжалов

Семей қаласының мәслихаты
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 21/154-VII

Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

--	--	--	--

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объекті	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке арналған жылдық норма
			м3
1.	Үй иеліктері: қ о л а й л ы жабдықталғандар қ о л а й л ы жабдықталмағандар	1 тұрғын	2,13 2,48
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және басқа да ұқсас объектілер	1 орын	1,4
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,8
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,23
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,27
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0025
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,22
8	Мектептер және басқа да оқу орындары	1 оқушы	0,17
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,6
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,21
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңның 1 м2	0,06
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,008
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңның 1 м2	0,1

14	Азық-түлік және өнеркәсіп тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңының 1 м2	0,89
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	2,61
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңының 1 м2	0,18
17	Өнеркәсіп, азық-түлік, тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңның 1 м2	0,18
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйлері: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңның 1 м2	0,14
19	Бекеттер, автобекеттер, әуежайлар	жалпы алаңның 1 м2	0,54
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	жалпы алаңның 1 м2	0,13
21	Дәріханалар	сауда алаңының 1 м2	0,35
22	Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, АЖҚС	1 машина-орын	3,65
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,3
24	Көлікжай кооперативтері, көлікжайлар, паркингтер	1 көлікжайға	1,04
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,67
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательелері	жалпы алаңның 1 м2	0,54
27	Зергерлік, аяқ киім, сағат жөндеу шеберханалары	жалпы алаңның 1 м2	1,11
28	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және басқада қызметтер).	1 жұмыс орны	5,61
29	Моншалар, сауналар	жалпы алаңның 1 м2	0,18
30	Қала аумағындағы заңгерлік, көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушы ұйымдар, парктегі қалдықтар	1000 қатысушы	0,16

31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,46
----	-----------------------------	----------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК